

Келісілді
«Мұғалжар ауданының
білім бөлімі» ММ
әдістемелік кабинет әдіскері
Г.Қ.Нұрмағанбетова



«Бекітемін»
«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
ММ МКК меңгерушісі:
А.А.Ж.А. Курманова
2025ж



***«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны
«Еркетай» ортаңғы тобы***

***2025-2026 оқу жылына арналған вариативтік компонент:
«Байқампаздар әлемі»***

Байбулова М.А.
Сарсенова К Ш

**Қандыағаш қаласындағы "Күншуақ"бөбекжай-бақшасының"МКҚК тәрбиешісі:
К.Ш.Сарсенованың "Байқампаздар әлемі"бағдарламасына**

Пікір

Бүгінгі жас ұрпақтың ойы мен тілін дамытуға,қоршаған ортаны сүюге баулитын тәрбие үшін қабылданған бағдарлама "Байқампаздар әлемі".Баланы азамат етіп тәрбиелеудегі жауапкершіліктің күштілігін Ш.Құдайбердіұлының:"Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады,олар барлығынан басты бола алатын адал еңбек,мінсіз ақыл,таза жүрек.Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді"-деген ұлағатты сөзінен ұғуға болады.

Қазіргі заманда жас ұрпақты өз ана тілінде,өз халқының рухында тәрбиелеген,жастайынан халықтың әңгіме,ертегі,дастандарымен сусындатып тіл қадірін түсінуге,бағалауға,ана тілін құрметтеп,кастерлеуге тәрбиелеу ата-ананың,тәрбиешінің алдындағы зор парыз. Қоғам мен адам,адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру.

«Байқампаздар әлемі» бағдарламасы ортаңғы топ балаларының жас ерекшеліктеріне сәйкес,балаларды қоршаған ортамен,табиғатпен,қызықты ойындармен көркем әдебиет арқылы адамгершілікке тәрбиелейді.Балаларды кішіпейілділікке,үлкендерді сыйлауға,көмектесуге үйрету,жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп,жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту.Адам бойындағы ұнамды,ұнамсыз қылықтарды айыра отырып,әдеп әліппесін бойына дарыту,тіл байлығын ,таным белсенділігін арттыру.Балаларды әдептілікке,сыпайылыққа тәрбиелеу.

Бағдарламада қызықты сурет бойынша әңгіме,өлеңдер,такпактар,логикалық ойлауға арналған тапсырмалардан топтамалар жасалған.

Әр түрлі қызықты материалдарды қолдану педагогикалық үрдістің тиімділігін арттырып,баланың ақыл-ойының дамуына үлкен ықпал ете отырып,балалардың ойлауына,есте сақтауына себеп болады.

Бағдарламаның мазмұны балалардың жас ерекшелігіне лайықты,түсінігіне қонымды,балалардың алған әсерін тек қатынас,таным тәрбиесінің мақсатында ғана емес,сонымен бірге адамгершілік және эстетикалық тәрбиеге де пайдаланады.Осы бағдарламаны мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуға,қолдануды ұсынамыз.

**Мұғалжар аудандық білім бөлімі
ММ әдіскерлік кабинет әдіскері:**

Г.Қ.Нұрмағанбетова

Түсінік хат
(Вариативтік компонентінің)

Бұл вариативтік компонент "Байқампаздар әлемі" бағдарламасының негізінде жасалған және тіл дамыту, қоршаған ортаны танып-білу және танымдық қабілеттерін дамыту салаларына бағытталған. Берілген бағдарламада қызықты дидактикалық ойындар арқылы, баланы адамгершілікке тәрбиелеу көзделеді. Ақылмен алдына қойған мақсатқа жету қабілеттерін дамыту. Ерекшелігі бағдарламада көркем әдебиет арқылы адамгершілік түсініктерін қалыптастыруда, ой жаттығуларының енгізілуі. Ойындар мазмұнына қарай әртүрлі. Әр тақырыптың өз ерекшелігі, өз қиыншылығы бар, бірақ уақытында ұйымдастырылған іс-әрекет пен тәрбиешінің ізденімпаздығы көздеген мақсатқа жеткізеді.

Бағдарламаның мазмұны: Балалардың қабылдауы мен ұғымын дамыту үшін білімді меңгеру, дағдыны қалыптастыру ұйымдастырылған іс-әрекетінде емес, қызықты ойын әрекетінде (жасау және табу, жарыста нәтижеге жету) іске асады.

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, дұрыс сөйлеуге, өз ойын еркін жеткізуге, әңгімелесуге үйрету, дыбыстардың дұрыс айтылуын жетілдіру.

Міндеттері:

- * Балалардың сөздік қорын дамыту, ойын дұрыс жеткізуге үйрету.
- * Қоршаған орта туралы нақты білім беру, бақылау дағдысын қалыптастыру.
- * Логикалық ойлау, салыстыру, топтастыру, қорытынды шығару қабілеттерін дамыту.
- * Табиғатқа қызығушылық пен қамқорлық сезімін тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер:

- * Саусақ ойындары, тақпақ жаттату
- * Суретпен жұмыс, әңгіме құрастыру
- * Дидактикалық ойындар (Не өзгерді? Тап!)
- * Қарапайым әңгіме құрастыру

Сұрақ-жауап

Күтілетін нәтижелер:

- * Қарапайым сұрақтарға жауап береді.
- * 2-3 сөзден тұратын сөйлем құрайды.
- * Тақпақ, қысқа өлеңді жатқа айтады.
- * Сөздік қорын күнделікті өмірде қолдана бастайды.

Бағдарламаның мерзімі: Кіші топта аптасына 1 рет, жылына 36 сағатқа, 1 жылға құрылған.

«Байқампаздар әлемі» бағдарламасының ортаңғы № 1 «Еркетай» тобының балаларына арналған перспективті жылдық жоспары

№	Ай аттары	Тақырыбы	Сағаты
1	Қыркүйек	Балабақшамен танысамыз	1
2		Менің достарым	1
3		Менің ойыншықтарым	1
4		Әдепті бала боламын	1
5	Қазан	Үй жануарлары	1
6		Үй кұстары	1
7		Жабайы аңдар	1
8		Күз келді	1
9	Қараша	Жемістер	1
10		Көкөністер	1
11		Дәнді дақылдар	1
12		Күзгі еңбек	1
13	Желтоқсан	Қыс мезгілі	1
14		Қысқы киімдер	1
15		Қысқы ойындар	1
16		Жаңа жыл	1
17	Қаңтар	Көліктер	1
18		Жолда жүру	1
19		Кәсіптер	1
20		Киімдер	1
21	Ақпан	Біздің денеміз	1
22		Денсаулық	1
23		Түстер	1
24		Пішіндер	1
25	Наурыз	Көктем келді	1
26		Ана күні	1
27		Гүлдер	1
28		Наурыз мерекесі	1
29	Сәуір	Жәндіктер	1
30		Табиғат құбылыстары	1
31		Асхана құралдары	1
32		Пайдалы және зиянды тағамдар	1
33	Мамыр	Отбасы	1
34		Үй, бөлме	1
35		Дала кұстары	1
36		Жаз келді	1

Практикалық жоспар

№	Айлар	Тақырыбы	Мақсаты мен міндеттері	Тапқактар	Қосымша	Сағаты
1	Қыркүйек	Балабақшамен танысамыз	Балалардың балабақшаға бейімделуін жеңілдету, жаңа сөздермен таныстыру. Балабақша бөлмелерін көрсету, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.	Сурет салып, ән айттым. Жаңа тапқак жаттадым. Балабақша керемет Бәрін жақсы көремін!	"Топтағы затты тап"(заттарды табу) Балабақшадағы бөлмелерді біледі, ойыншықтарды таниды, достарының есімін біледі.	1
2		Менің достарым	Балабақша, топ бөлмелерімен таныстыру. Достарымен таныстыру. Достарымен қарым-қатынас жасауға үйрету. Сыйластыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.	Досым екеу, досым көп. Ойнаймыз біз, бірге көп.	"Досымды тап"(балалардың есімдерін атау)	1
3		Менің ойыншықтарым	Балаларды ойыншық түрлерімен таныстыру. Оларды ұқыпты пайдалану қажеттігін түсіндіру. Балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.	Добым, добым домалак Қайда кеттің домалап. Үстел үстін бүлдірдің, Тәрелкені сындырдың. Тентек болып кеттің деп, Тұрмын сені тепкім кеп.	"Қандай ойыншық жок?" дидактикалық ойын (4-5 ойыншықты атап, қандай ойыншық жок екенін табу)	1
4		Әдепті бала боламын	Балаларға әдептілік ережелері туралы түсінік беру. Сәлемдесу, қоштасу. үлкендермен ізгілік қарым-қатынасқа баулуды жалғастыру. Байланыстырып сөйлеуге үйрету.	Біз әдепті баламыз, Айтқан тілді аламыз. Апайымыз келгенде, Қуана қарсы аламыз!	"Сикырлы сөздер"(рақмет, өтінемін, кешір) Әдепті сөздерді күнделікті қолдануға дағдыланады	1
5	Қазан	Үй жануарлары	Үй жануарлары туралы түсінік беру. Жануарды бақылау (сурет, видео). Үй жануарын күтуге баулу. Оларды сипаттайтын әңгіме құрастыру.	Мысығым бар, мияу дейді. Күшігім бар, гав-гав дейді	"Не қалай дыбыстайды?" (сурет бойынша әңгіме, жануар дыбысын табу) Жануарларды ажыратады, дауысын	1

					салады."Мысық сүт ішеді" сияқты сөйлем құрайды.	
6		Үй құстары	Үй құстарымен таныстыру, олардың пайдасын түсіндіру. Үй құстарының атауын, дауысын үйрету. Құстың жүрісін, дыбысын қимылмен көрсету. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	Қаздар қаңқыл, үйрек шак Қораз шақыр күнге шық!	"Құстың дауысын тап" (тауық-қыт-қыт, үйрек-кря-кря, қаз-қаңқ-қаңқ)	1
7		Жабайы аңдар	Үй жануарлары мен жабайы аңдардың айырмашылығын түсіндіру. Жануарлардың атын меңгерту. Жануарларды суреттен көрсетіп, дыбыстарын салдыру	Қоян қорқақ, түлкі қу, Аю орман кезіп жүр.	"Не қайда тұрады?" дидактикалық ойыны (сурет бойынша әңгіме, үй жануары қорада, жабайы аң-орманда. Жабайы аңдардың атауын, түр-түсін қимылын үйрету)	1
8		Күз келді	Күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Күзгі еңбекті бақылату. Күзгі жапырақтарды жинау, түстерін атау, ажырату.	Күз келдің де, далада Жапырақтар тарады. Аула толы сары түс. Әдемі ғой қарашы!	"Күзгі жапырақтарды жина" дидактикалық ойын (сары, қызыл, жасыл жапырақтарды ажыратып жинайды) Күзгі өзгерістерді атайды. Жапырақтардың түстерін ажыратады.	1
9	Қараша	Жемістер	Күз мезгілінің жемістерімен таныстыру. Жемістің атын атап, дәмін сипаттайды. Түстерін айырып, атауға үйрету.	Алма қызыл, алмұрт сары. Жейміз біздер қуана	"Қандай жеміс", "Дәмін тап" (көзін жұмып дәмін анықтау, дәмінен ажырату) Жеміс-жидекті ажыратады, еңбек туралы айтады.	1
10		Көкөністер	Күз айының өнімдерімен таныстыру. Денсаулыққа пайдасын түсіндіру. Қайда	Сәбіз, қияр, картоп бар. Жейміз бәрін қуанып	"Қайда өседі?" (жеміс-бақта, көкөніс-бақшада)	1

			өсетінін сурет бойынша көрсетіп, әңгімелеу.			
11		Дәнді дақылдар	Диканшылардың еңбегімен таныстыру. Дәнді дақылдармен таныстыру. Бидайды қалай жинайтынын, одан не жасайтынын сурет бойынша әңгімелеп беру.	Нан кикымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп, алып кастерлеп. Торғайларға тастаңдар!	"Нан қайдан келді?" (сурет бойынша әңгіме) Балаларды ас атасы-нанамен таныстыру. Тамактану кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды орындату.	1
12		Күзгі еңбек	Балаларды қоршаған ортаға, өсімдіктерге қамқорлық жасай білуге үйрету. Олардың барлығын күтіп, баптағанда өсіп-өнетінін түсіндіру. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру.	Алма, алмұрт пісті деп, Бакқа бардық біз бірге	"Жемісті жина" дидактикалық ойын	1
13	Желтоқсан	Қыс мезгілі	Қыс мезгілін бақылату, ауа райы өзгерістерін байқау. Қардың қасиетін байқату, мұзды ұстап көріп, сипаттау. Қысқы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.	Қар жауады, ақ мамық Ақ қырауға малынып	"Қарды кім тез жинайды?" кимылды ойын. Қарды сипаттайды (ақ, суық, жұмсақ) қысқы ойындарды атайды.	1
14		Қысқы киімдер	Қыс белгілерін, қысқы киім атауларын меңгерту, түстерді қайталау.	Мынау-етік, мынау-тон, Қыста тонбай жүретін	"Бұл кімнің киімі?" дидактикалық ойын	1
15		Қысқы ойындар	Қыста ойналатын ойындармен, қауіпсіздік ережелерімен таныстыру.	Шаңғы, лана, сырғанақ. Көңіліміз асқақ	"Қимылды қайтала" кимылды ойын	1
16		Жаңа жыл	Жаңа жыл мейрамымен таныстыру. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.	Шыршамыз түр жасыл боп, Жаңа жылға шақырып	"Шыршаны безендір"	1
17	Қаңтар	Көліктер	Көліктер, жол ережесі, кәсіптер мен таныстыру. Дыбысын	Машина жүр гүр-гүр, Поезд жүр дүр-дүр	"Көлікті ата" (транспорт түрлерін көрсетіп	1

			салып, қимылға еліктеуге үйрету. Көлік түрлерін ажыратып, атауға үйрету. Жолдағы тәртіпті сақтауға тәрбиелеу.		әңгімелету, атау, ажырату, дыбыстарын салу)	
18		Жолда жүру	Жолда жүру ережесін үйрету. Бағдаршам түстерін атап, ажыратуға үйрету. Жолдан дұрыс өтуге дағдыландыру. Жолда сак болу керектігін түсіндіру.	Қызыл жанса-тоқтаймыз, Сары жанса-дайынбыз. Жасыл жанса-жүреміз, Жол ережесін білеміз!	"Бағдаршаммен жүреміз"(жасыл жанса-жүгіру, қызыл жанса-тоқтау)	1
19		Кәсіптер	Балаларды мамандықтармен таныстырып, кәсіп иелері туралы сурет бойынша әңгімелеп беру. Адамдардың еңбегімен таныстыру. Кәсіп иелерін сыйлауға тәрбиелеу.	Дәрігер апай күлімдеп, Қолынды жу деп үйретер. Ауырсақ емдеп жіберер, Денсаулығымды күтеді.	"Бұл кімнің құралы?"(Құралды мамандықпен сәйкестендіру, суретті көрсетіп, мамандықтың атын айту, ажырату)	1
20		Киімдер	Киім түрлерімен таныстыру. Киіну, киімді таза ұстау, жинау, іліп қою дағдыларын ойын-жаттығулар арқылы қалыптастыру. Тазалыққа баулу.	Киінемін өзім-ақ, Көйлек шалбар, бөтенке Анам маған риза боп, Күлімдейді әдемі	"Киімдерді дұрыс киіндір" дидактикалық ойын (киім атауларын меңгерту, түстерді қайталау)	1
21	Ақпан	Біздің денеміз	Дене мүшелерін сурет бойынша көрсетіп, тану, гигиеналық дағдыларға үйрету. Денсаулық сақтау дағдыларын қалыптастыру.	Бас, қол, аяқ, көзіміз Денемізді танимыз	"Қайда, қайда?"(дене мүшелерін атау, ажырату) Дене мүшелерін дұрыс атайды, қолын жуу, тісін тазалау дағдысы қалыптасады.	1
22		Денсаулық	Денсаулықтың жақсы болуы үшін жеміс-жидектерді, көкөністерді, дәрумендерді көп пайдалану қажет екенін түсіндіру. Салауатты өмір	Дәрігерге барғанда, Ауырма деп айтады	"Кім не істейді?"(шынықтыру жаттығуларын жасау)	1

			салтын қалыптастыру.			
23		Түстер	Түстерді атауға, ажыратуға үйрету. Негізгі төрт түсті атау, ажырату	Көк, жасыл, сары түс, Әдемі ғой, бәрі-күш	"Түсті тап" (түстерді ажырату, атау)	1
24		Пішіндер	Пішіндердің түрін салыстырып, ажыратып, атауға үйрету.	Дөңгелек пен төртбұрыш. Әр пішінді жаттаймыз	"Қандай пішін жоқ" дидактикалық ойын	1
25	Наурыз	Көктем келді	Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау, олар туралы түсінік беруді жалғастыру. Сөздік қорын байыту. Көктем белгілерін көрсету. Табиғатты қорғауға баулу.	Көктем келді, күн жылы Шаттанамыз мәз болып	"Көктемгі өзгерістерді тап"	1
26		Ана күні	Балаларға ана сөзіне жылы сезім қалыптастыру. Ананы сыйлауға, жақсы көруге, құрметтеуге тәрбиелеу.	Анашым менің-күндей, Мейірімі мол гүлдей. Құшақтап алып сүйеді, Еркелетіп күледі.	"Анаға сыйлық"	1
27		Гүлдер	Көктемгі гүлдермен таныстыру. Табиғатты, әдемілікті қорғауға тәрбиелеу.	Қызғалдақ пен бәйшешек, Ашылады әдемі	"Қай гүл?" Көктемгі өзгерістерді атайды. Көктемнің алғашқы гүлдерін біледі (қызғалдақ, бәйшешек)	1
28		Наурыз мерекесі	Наурыз мерекесімен таныстыру. Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау.	Наурыз келді, жаңа жыл, Қуанамыз бәріміз	"Ханталапай" қимылды ойын	1
29	Сәуір	Жәндіктер	Табиғаттағы тіршілік иелерін танып-білу. Жәндіктер қозғалысын бақылау.	Ақ қанатты көбелек, Көк қанатты көбелек, Қызыл қанат көбелек Бақшамызға қона кет.	"Жәндікті тап" (қимылдарын көрсету: қоңызды-қолмен домалатқандай көрсету, көбелекті-қолды қағып ұшқандай көрсету т.б.)	1
30		Табиғат құбылыстары	Табиғат құбылыстарын бақылау. Серуен кезіндегі	Жаңбыр жауды, күн шықты,	"Не болды?" Құстарды таниды, жапырақ	1

			бақылағыштықты дамыту. Бұлт, аспанды бақылау	Кемпіркосак көрінді	пішінін салыстырады, жәндіктерді ажыратады. Табиғаттағы өзгерістерді айтады, серуендегі өзгерістерді байқайды.	
31		Асхана құралдары	Асхана құралдарымен таныстыру. Тамақты таза ішуге, қасықты дұрыс ұстауға үйретуді жалғастыру. Ұқыптылыққа, мәдени және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру.	Тарелке, қасық, шанышқы. Ас ішеміз жап-жарық	"Құралды қой орнына" (дастарқан әзірлеу)	1
32		Пайдалы және зиянды тағамдар	Балаларға денсаулыққа пайдалы және зиян тағамдар туралы сурет бойынша әңгімелеп беру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру.	Сүт пен айран пайдалы, Кәмпит көп жеу айыпты.	"Пайдалы-зиянды" (тағамды ажырату) Балалар пайдалы және зиян тағамдарды ажыратады.	1
33	Мамыр	Отбасы	Отбасы мүшелері туралы үсінік беру. Үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу, сөздік қорын молайту.	Ата, әже, әке, ана Бәрін жақсы көреміз!	"Отбасы мүшелерін ата" (отбасылық сурет бойынша әңгіме құрау, саусак ойыны)	1
34		Үй, бөлме	Үйдегі адамдар, бөлме заттары және еңбек түрлерімен таныстыру. Бөлме жиһазын тану. Үйде көмектесу әдетін қалыптастыру.	Бұл-орындық, анау-төсек Бөлме ішін жинаймыз	"Бұл қайда тұрады?" Отбасы мүшелерін таныстырады. Бөлме ішіндегі заттарды атайды.	1
35		Дала құстары	Дала құстарымен таныстыру. Олардың пайдасын түсіндіру	Торғай, қарға ұшып жүр, Шық-шық етіп ән салып	"Қай құс ұшып кетті" дидактикалық ойын Жәндіктерді, құстарды таниды	1
36		Жаз келді	Жазғы табиғатты бақылау. Су, ауа, күннің маңызын түсіндіру.	Жазда серуен, саяхат, Ойнаймыз біз шат-шадыман	"Жазда не істеміз?" Жазды сипаттайды. Күннің ыстық екенін айтады.	1